

## Успен ауданы Қаратай ауылы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 қыркүйектегі № 196/38 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 09 қазанда № 4102 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2019 жылғы 17 маусымдағы № 222/47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 17.06.2019 № 222/47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3–бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" № 1106 Қаулысына сәйкес, Успен аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Успен ауданы Қаратай ауылы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекітілсін.
2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Успен ауданы Қаратай ауылының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы тұрғындарының жалпы санынан 3 (үш) % мөлшерде бекітілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Э. Руфф

Аудандық мәслихат хатшысы

Р. Бечелова

Успен	аудандық	мәслихатының
(V	сайланған	XXXVIII
(кезектен	тыс)	сессиясы)
2014	жылғы	25
№	196/38	қыркүйектегі
Бекітілген		шешімімен

# **Успен ауданы Қаратай ауылы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Успен ауданы Қаратай ауылы аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" № 1106 Қаулысына сәйкес әзірленді және Успен ауданы Қаратай ауылы аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үшін белгілейді.

2. Успен ауданы Қаратай ауылы аумағында тұрғындардың бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Қаратай ауылының әкімі шақырады.

Успен ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиынның шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен ол өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл шегінде бөлек жиынды өткізу үшін Қаратай ауылының әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудын алдында Успен ауданы Қаратай ауылының қатысып отырған және оған қатысу құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Успен ауданы Қаратай ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Успен ауданы Қаратай ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Успен аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Қаратай ауылының әкімінің аппаратына береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК